



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 27 ақпан N 11-ө

Қазақстан Республикасының Үкіметі мәжілісінің 2002 жылғы 25 ақпандағы N 4 хаттамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) уақтылы әзірлеу мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Тілеубердин - Қазақстан Республикасының  
Алтай Абылайұлы Премьер-Министрі Кеңесінің  
Басшысы, жетекші

Еламанов - Қазақстан Республикасының  
Болат Далдайұлы Энергетика және минералдық  
ресурстар бірінші вице-министрі

Рябченко - Қазақстан Республикасының  
Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім бірінші вице-министрі

Шнейдмюллер - Қазақстан Республикасының Көлік  
Владимир Викторович және коммуникациялар бірінші  
вице-министрі

Тәжияков - Қазақстан Республикасының  
Бейсенғали Шамғалиұлы Ұлттық Банкі төрағасының  
орынбасары (келісім бойынша)

Аймақов - Қазақстан Республикасының  
Бауыржан Жаңабекұлы Экономика және сауда вице-министрі

Рахметов - Қазақстан Республикасының  
Нұрлан Құсайынұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Өтеулина - Қазақстан Республикасының  
Хафиза Мұхтарқызы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау вице-министрі

Шамсутдинов - Қазақстан Республикасының  
Ринат Шарафутдинович Әділет вице-министрі

Ойнаров - Қазақстан Республикасының  
Азамат Рысқұлұлы Табиғи монополияларды реттеу,  
бәсекелестікті қорғау және шағын  
бизнесті қолдау агенттігі  
төрағасының орынбасары

Тоқаев - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Ақбар Қуанышбайұлы Министрінің Кеңесі Жиынтық  
талдау бөлімінің меңгерушісі

Сұлтанов - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Бақыт Тұрлыханұлы министрлігінің департамент  
директоры

Мүсенова - Қазақстан Республикасы  
Галина Ақайқызы Экономика және сауда  
министрлігінің департамент  
директоры, хатшы

2. Қазақстан Республикасының тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарының (келісім бойынша) басшылары 2002 жылғы 11 наурызға дейін жұмыс тобына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес өздерінің материалдарын берсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен:  
жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы

органдардың және өзге де мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) мамандарын тартуға, сондай-ақ Бағдарлама мен Жоспардың жобаларын әзірлеу үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқық берілсін;

жұмыс тобы Бағдарлама мен Жоспардың жобаларын әзірлесін және 2002 жылғы 18 наурызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Президенті бекіткеннен кейін екі апта мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын енгізісін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2002 жылғы 27 ақпандағы  
N 11 өкіміне  
1-қосымша

Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы жобасының бөлімдері бойынша материалдар ұсынуға қойылатын талаптар

Жалпы талаптар

Ұсыныстар 2002 жылғы 25 ақпанда Парламент мақұлдаған Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы баяндамаға (бұдан әрі - Баяндама) негізделуі тиіс. Ұсыныстар Мемлекет басшысының 2002 жылға арналған Жолдауында, 2001 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста, 2002 жылғы 25 қаңтарда аймақтар әкімдерімен болған кеңесте сөйлеген сөздерінде берген тапсырмаларын ескеруі тиіс.

Ұсынылатын шаралар Баяндамада баяндалған мақсаттарға және басым міндеттерге (2-бөлім) қол жеткізуді қамтамасыз етуі, нақты іс-шараларды, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін қамтуы тиіс.

Материалдар қысқа, анық және кешенді баяндалсын. Орындаудың кезеңділігі мен айқындылығы ескерілсін.

Іс-шаралар:  
үкіметтің;

министрліктердің, агенттіктердің;  
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері құзыретінің деңгейі  
б о й ы н ш а ж і к т е л с і н .

Материалдар қағазға басылған және электрондық нұсқада ұсынылуы тиіс.  
Қаріп - 14-мөлшер, қазақ тілінде: Times Kazakh, орыс тілінде: Times New Roman.  
Жол аралығы - бір жарым интервал. Бөлімдер бойынша жауапты орындаушылардың  
деректері (телефон, факс, e-mail) көрсетілуі тиіс.

Ұ с ы н у ф о р м а т ы  
Бөлімнің (тараудың, тармақтың) атауы  
2002 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасының Парламенті мақұлдаған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы  
туралы баяндаманың мазмұнына сәйкес.

Мақсаттар мен міндеттер

Баяндаманың тиісті бөлімі (тарауы, тармағы) бойынша іс-қимылдың  
бірінші кезекті және орта мерзімді бағыттары басшылыққа алына отырып,  
нақты тұжырымдалуы тиіс.

Қолдағы бар ресурстар

Орындау үшін сүйеніш негіздің; оң және теріс үрдістердің;  
колданылған, бірақ аяқталмаған шаралардың, сондай-ақ қолда бар  
пайдаланылмаған резервтердің қысқаша сипаттамасы.

Мақсатқа жету жолдары

Қажетті нақты іс-шаралар:

орындалу нысаны;

кезеңділігі;

аймақтық, салалық және сектораралық қырлары;

салааралық және аймақаралық өзара іс-қимылдар тәсілдері;

нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

қажет болған ретте қаржылық ресурстар, қаржыландырудың болжамды  
көздері; орындалуын бақылауды ұйымдастыру тәсілдері көрсетіле отырып,  
сипатталады.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2002 жылғы 27 ақпандағы

№ 11 өкіміне

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған  
іс-қимыл бағдарламасы жобасының бөлімдеріне  
жауапты орындаушыларды  
БЕКІТУ

---

Бағдарламаның бөлімдері

Жауапты орындаушылары

---

2. Үкімет Экономика және сауда министрлігі

Бағдарламасының мақсаты  
мен басым міндеттері

3. Мемлекеттік реттеу

3.1. Кәсіби Үкімет Экономика және сауда министрлігі,  
Әділет министрлігі, Стратегиялық  
жоспарлау жөніндегі агенттік  
(келісім бойынша), Мемлекеттік  
қызмет істері жөніндегі агенттік  
(келісім бойынша)

3.2. Мемлекеттік басқару Экономика және сауда министрлігі,  
органдарының функциялары Қаржы министрлігі, Әділет  
мен өкілеттіктерін министрлігі, Стратегиялық  
айқындау және ажырату жоспарлау жөніндегі агенттік  
(келісім бойынша),

3.3. Мемлекеттік активтерді Қаржы министрлігі, Экономика  
басқару және сауда министрлігі,  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрлігі

3.4. Баға және тариф Табиғи монополияларды реттеу,  
саясаты бәсекелестікті қорғау және шағын  
бизнесті қолдау жөніндегі  
агенттік, Энергетика және  
минералдық ресурстар министрлігі,

Көлік және коммуникациялар  
министрлігі, облыстардың,  
Астана және Алматы қалаларының  
әкімдері

3.5. Қоршаған ортаны Табиғи ресурстар және қоршаған  
қорғау және табиғат ортаны қорғау министрлігі,  
пайдалану Төтенше жағдайлар жөніндегі  
агенттік, облыстардың, Астана  
және Алматы қалаларының  
әкімдері

4. Заң шығарушылық Әділет министрлігі,  
қызмет министрліктер мен агенттіктер  
(белгіленген құзыретіне сәйкес  
мәселелер тобы бойынша)

5. Қаржы және салық-  
бюджет саясаты

5.1. Ақша-несие саясаты Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк  
(келісім бойынша)

5.2. Салық саясаты Мемлекеттік кіріс министрлігі,  
Қаржы министрлігі, Қаржы  
полициясы агенттігі

5.3. Бюджет саясаты Қаржы министрлігі, Мемлекеттік  
кіріс министрлігі, Экономика  
және сауда министрлігі,  
Стратегиялық жоспарлау  
жөніндегі агенттік  
(келісім бойынша)

5.4. Инвестициялық саясат Экономика және сауда  
министрлігі, Сыртқы істер  
министрлігі

6. Әлеуметтік сала

- 6.1. Демографиялық даму            Демография және көші-қон жөніндегі агенттік, Президент жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.2. Білім беру                        Білім және ғылым министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.3. Денсаулық сақтау            Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.4. Мәдениет                        Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.5. Спорт және салауатты өмір салты                        Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.6. Жұмыспен қамту және еңбек                        Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
- 6.7. Әлеуметтік қорғау            Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

## 7. Нақты сектор

7.1. Минералдық-шикізат кешені Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Экономика және сауда министрлігі

7.2. Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

7.3. Өңдеу өнеркәсібі Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

7.4. Құрылыс Экономика және сауда министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

7.5. Шағын және орта бизнес Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

7.6. Ғылыми-технологиялық саясат Білім және ғылым министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Экономика және сауда министрлігі

8. Көліктік инфрақұрылым Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

9. Ауыл шаруашылығы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жер ресурстар басқару жөніндегі агенттік, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі,



облыстардың, Астана және Алматы  
қалаларының әкімдері

10. Сауда саясаты

10.1. Сыртқы сауда Экономика және сауда министрлігі,  
Сыртқы істер министрлігі,  
Мемлекеттік кіріс министрлігі

10.2. Ішкі сауда Экономика және сауда министрлігі,  
Мемлекеттік кіріс министрлігі,  
облыстардың, Астана және Алматы  
қалаларының әкімдері

11. Мемлекеттің қауіпсіздігін Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс  
қамтамасыз ету, құқық министрлігі, Әділет министрлігі,  
тәртібін нығайту және Төтенше жағдайлар жөніндегі  
қылмысқа қарсы күрес агенттік, Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті (келісім бойынша), Бас  
прокуратура (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2002 жылғы 27 ақпандағы  
N 11 өкіміне  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған  
іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі  
іс-шаралар жоспары

---

Р/с! Іс-шара ! Аяқтау! Орындалуына! Іске асыру !Күтілетін! Қаржыландыру  
N ! !нысаны ! жауаптылар ! (орындалу) !шығыстар ! көздері  
! ! ! ! мерзімі ! !

---

1 2 3 4 5 6 7

---

Бағдарламаның бөлігі

1. Жоспардың Үкімет деңгейінде шешілуі талап етілетін іс-шаралары.
2. Жоспардың министрліктер, агенттіктер, меморгандар деңгейінде шешілуі талап етілетін іс-шаралары (ведомстволық).
3. Жоспардың облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері деңгейінде шешілуі талап етілетін іс-шаралары.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.